

**«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған
Шалабаев Кусман Каримовичтің «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр
сабақтастығы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына
ресми**

СЫН-ШІКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Зерттеу тақырыбы тәуелсіздіктен кейінгі жылдары өзектілігін анық байқатып отырған тақырыптардың біріне арналған. Соңғы зерттеулерге қарағанда, әлемде 12 діни, ресми діндері бар 60, зайырлылық қағидаттарын орнықтырған 120 және дінге қарсы 5 мемлекет бар екен. Бұл деректерден біз жаһан бойынша зайырлылық бағытты ұстанатын елдердің басымдығын көреміз. Демек, зайырлылық құндылықтарының адамзат өміріндегі орны айқындалып, оның басты ұстанымдары, артықшылықтары жоғары деңгейде мойындалып отырғаны сөзсіз. Яғни, зайырлылық қоғамдардағы қарым-қатынастарды, әртүрлі дүниетанымдар мен наным-сенімдерді үйлестіруші бірегей институт. Қазіргі таңда мемлекет пен дін арасындағы үйлесімді байланыс, орнықты қарым-қатынас қоғамымызда татулық пен тыныштықтың сақталуына, рухани және мәдени тұрғыда дамуымызға, радикализмнен қорғануымызға өзіндік оң ықпалын тигізіп отырғанын айта кеткеніміз жөн. Бұл өз кезегінде мемлекетіміздің халық талабы негізінде азаматтардың ар-ождан бостандығын қорғай отырып, Конституциямызға сәйкес зайырлылық қағидаттарының оңтайлы үлгісін ұсына білгенін ұқтырады. Зайырлылық моделдерін қарастыру, дін мен дәстүр сабақтастығын ашу Қазақстан секілді жас мемлекет үшін өте маңызды. Бұл мемлекеттік Рухани жаңғыру бағдарламасымен толық үйлеседі. Осы тұрғыдан келгенде, диссертация тақырыбы Қазақстан қоғамы үшін өзекті екені дау тудырмайды. Диссертация тақырыбы алдағы уақыт ішінде де өзекті қалпын сақтап қалатыны анық.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші Кусман Каримовичтің диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай алты ғылыми нәтижені көрсетеді. Әрқайсына жеке тоқталатын болсақ: **Бірінші нәтижеде** зайырлылық ұғымының шығуы мен зайырлы мемлекеттердің моделдерін, олардың ерекшеліктерін нақтылап ашып көрсеткен. **Екінші нәтижеде** Зайырлы мемлекеттің негізгі белгілерін нақтылап ашып бере білген. **Үшінші нәтижеде** Қазақтың байырғы заңдарына ислам шариғатының ықпалын саралаған. Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының тарихи нысандарына: бидің билігі, ханның жарлығы, ереже, жолдар және жұртшылықты жатқыза отырып, Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы секілді ерте уақыттағы қазақ заңдарын талдаған. **Төртінші нәтижеде** Қазақстанның зайырлы сипатының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсеткен. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның

нормаларындағы сенім бостандығы, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлек болуы, мемлекеттік немесе жалпыға міндеттелген арнайы діннің болмауы, діни ұйымдардың заң алдындағы теңдігі, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен діни ұйымдардың өзара әрекеттестігі секілді мәселелер олардың нақты белгілері ретінде көрсетілген. **Бесінші нәтижеде** Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын Ханафи мәзһабында әдет-ғұрыптың алатын орнын нақтылаған. **Алтыншы нәтижеде** Қазақ мәдениетіндегі дін мен дәстүр сабақтастығы ашылған, дін мен дәстүр сабақтастығының нақты мысалдарын талдап көрсете білген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен тығыз байланысты. Әр ғылыми нәтиже келесі ғылыми нәтиженің мәнін ашуға себепші, әрқайсысы теориялық негізделген, практикалық тұрғыда қарастырылған, сонымен толық қорытынды жасалған.

Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Диссертант зайырлылық ұғымын ашып, зайырлы мемлекет моделдерін салыстырмалы түрде негіздей білген.

Екінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген. Зайырлы мемлекеттің негізгі белгілері ретінде бейтараптық, еркіндік және дискриминацияға жол бермеу, сенім және ар-ождан бостандығы, діни идеялар мен институттардан мемлекеттің тәуелсіздігі, наным-сеніміне қарамастан адамдардың теңдігі екенін нақты дәйектей білген.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Қазақтың әдет заңдарының мұсылмандық астарын ашқан. Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының тарихи нысандарына: бидің билігі, ханның жарлығы, ереже, жолдар және жұртшылықты жатқыза отырып, ерте кездегі қазақ заңдарын талдауда тиісті авторлар мен еңбектерге дұрыс сілтеме жасаған.

Төртінші ғылыми нәтиже нақты негізделген. Қазақстан мемлекетіне тән зайырлы моделдің ерекше қырларын дәйекті түрде көрсеткен. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның нормаларындағы сенім бостандығы, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлек болуы, мемлекеттік немесе жалпыға міндеттелген арнайы діннің болмауы, діни ұйымдардың заң алдындағы теңдігі, кейбір әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекет пен діни ұйымдардың өзара әрекеттестігі секілді мәселелер олардың нақты белгілері ретінде көрсетілген.

Бесінші ғылыми нәтиже нақты дәйекті. «ҚР Дін қызмет және діни бірлестіктер» заңының преамбуласында аталған Қазақстан үшін дәстүрлі Сунниттік, Ханафи мәзһабының үкім шығару жүйесіндегі екінші кезектегі дәлелдер қатарында әдет-ғұрып орын алатынын нақты дәлелдеген.

Алтыншы ғылыми нәтиже нақты және негізделген болып табылады. Қазақтың дәстүрінің дінмен қатысы ашылып, дін мен дәстүр сабақтастығының нақты мысалдары дәлелді түрде келтірілген.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми

нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа болып табылады, «Зайырлылық» түсінігінің мәні ашылды, зайырлы елдердің моделдері анықталды әрі олардың ерекшеліктері көрсетілді.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады, Зайырлы мемлекеттің негізгі белгілері анықталды.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Қазақтың дала заңдарына діннің, атап айтқанда, ислам дінінің, шариғатының ықпалы ашылған.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Қазақстанда мемлекет пен дін қатынасы бейтараптық, теңдік, толеранттылық, ашық сипатқа ие.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Әдет-ғұрып Ханафи мәзһабында шариғи үкім шығаруда негізгі дәлелдерден кейінгі кезекте қарастырылатыны нақты дәлелдермен көрсетілген.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Қазақ мәдениетіндегі дін мен дәстүр сабақтастығының нақты үлгілері тұжырымдалған.

Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Кусман Каримовичтің диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпқа арналған. Зерттеудің негізгі қорытындылары мен ұсыныстары мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды, зайырлылықты және дін мен дәстүрді кешенді зерттеудегі бос кеңістікті толықтырады, сонымен қатар, дінтану ғылымдарда аталған проблематиканы тереңірек қарастыру үшін, Қазақстан Республикасы үшін зайырлылық концепциясы мен үлгісін анықтауға, мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың қазақстандық үлгісін даярлауға үлесін қоса алады. Сонымен бірге, диссертацияда жаңалықтар мен тұжырымдарды дінтану және исламтану мәселелері бойынша өткізілетін арнайы курстарда дәріс оқуға, сараптама жасауға қолдануға болады.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасында орындалды. Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 9 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 1 мақала, «Әл-Фараби» журналына 1 ғылыми мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 4 ғылыми мақала (оның ішінде, 1 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Кусман Каримовичтің диссертациялық зерттеу жұмысы кәсіби деңгейде жазылған. Жұмыстағы кемшіліктер мәтінде кейбір стилистикалық қателіктер кездеседі. Алайда ол қателер ғылыми жұмыстың негізгі мазмұнына зиян тигізбейді. Ізденуші зерттеу барысында қойған міндеттеріне қол жеткізе білген. Берілген ұсыныстар мен аталған кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Кусман Каримовичтің қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы толық аяқталған, мазмұны толымды, ғылыми мәні жоғары. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

Кусман Каримовичтің «Зайырлы мемлекеттегі дін мен дәстүр сабақтастығы» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Кусман Каримовичтің «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
Университеті, саясаттану және әлеуметтік
философия пәндері кафедрасының профессоры,
философия ғылымдарының докторы



[Handwritten signature]

Д.Ө. Құсайынов